

К.Ж. Туребаева^{1*} , Д.Ж. Рамазанова¹ , Г.К. Қусаметова¹ , А.Т. Рыстыгулова¹ 

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы
*email: kturebayeva@zhubanov.edu.kz

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ҮРДІСТЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада арнайы педагогтар мен инклюзивті білім беру мамандарын даярлау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеуге қазіргі таңдағы негізгі мәселелер қарастырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу педагогика ғылымы саласындағы өзекті проблемалардың бірі. Инклюзивті білім беруге қойылатын қазіргі нормативтік талаптар аясында білікті мамандар даярлаудағы негізгі мәселелерді зерттеу. Мақалада қолданылған әдістер ресми және заңнамалық деректерді талдау, сондай-ақ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылармен жүргізілген сауалнаманы қамтиды. Сауалнама білім беру бағдарламасы бойынша маман-кадрлар даярлаудағы кейбір мәселелерді анықтау және оны жетілдіруге бағытталған. Талдау көрсеткендей, негізгі мәселелер студенттердің тәжірибелік даярлығының қазіргі талаптарға сай болуы, оқу материалдарын, оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелерін жаңарту, сондай-ақ еңбек нарығындағы арнайы педагог мамандарға деген сұраныспен байланысты. Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беруді дамыту үшін маңызды мәнге ие және арнайы педагогтардың білім беру саласындағы стратегияларын қалыптастыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Ұсыныстар тиімді білім беру ортасын құруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді.

Негізгі сөздер: инклюзивті білім беру, арнайы педагогика, ерекше білім беру қажеттілігі, мамандар даярлау, арнайы білім беру.

Кіріспе

Инклюзивті білім беру - әлем деңгейінде заманауи білім беру тәжірибесіндегі маңызды және өзекті бағыт болып табылады. Соңғы тәжірибелерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептер мен оқу орындарына қосу кең таралған тәжірибеге айналып келеді. Инклюзивті білім беру - барлық балалардың жеке ерекшеліктеріне, қабілеттеріне немесе шектеулеріне қарамастан білім алуға қолжетімділігін кеңейтуге ықпал етеді. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар қосымша қолдауды қажет ететін осы категорияға жатады.

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы - инклюзивті білім беруді белсенді түрде енгізу, оларды жалпы білім беретін мекемелерге біріктіру және өз кезегінде инклюзивті сыныптарда жұмыс жасайтын білікті мамандарды арнайы даярлауды талап етеді. Педагогтардың кәсіби дамуы үшін арнайы білім беру саласында жұмыс жасайтын мамандар біліктілігін арттыру және олардың кәсіби дамуы маңызды болып саналады. Бұл әрине заманауи білім беру әдістері мен құралдарын енгізу қажеттіліктерімен бірден-бір байланысты.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция сияқты нормативтік құжаттық қолдаулар елімізде арнайы педагогтарды даярлауды дамытуға, біліктілікті арттыру мақсатында қайта даярлау бағдарламаларын енгізуге баса назар аударып отыр. Бұл қолдаулар барлық балалар үшін, олардың мүмкіндіктеріне қарамастан, сапалы білім алуға тең қол жетімділікті қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсетеді [1], [2], [3].

Бұл орайда, халықаралық контекстегі маңызды аспект – түрлі мемлекеттер арасындағы тәжірибе және үздік тәжірибелермен алмасу болып табылады. Соңғы уақытта,

білікті де сапалы мамандарды даярлау мақсатында әртүрлі мемлекеттердегі табысты модельдер мен тәсілдерді енгізу тәжірибелері оң нәтижелер көрсетуде. Мысалы, 2024 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, сонымен бірге, Дүниежүзілік банк қолдауымен ұйымдастырылған «Инклюзивті білім беру моделін әзірлеу және оқыту» білім жетілдіру курсы әлемдік үздік тәжірибелерді талқылауға және оқыту үдерісіне енгізуге арналды. Каподистрия атындағы Афины Ұлттық университетінің халықаралық тәжірибелері отандық жетекші мамандармен біріктіріле ұсынылып, инклюзивті білім берудің негізгі қағидаларын, мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап жоғары білім сатысы аралығындағы барлық ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды дамыту және білім беру моделін меңгертуді көздеді. Білім беруді жаңғырту жобасы аясында әзірленген инклюзивті білім беру моделі жоғары оқу орындары үшін:

- инклюзивті білім беру мазмұнында терең білім алу, оқу бағдарламаларын жасақтау, түрлі технологияларды қолдануда инклюзивті оқыту қағидаларын басшылыққа алу жолдарын меңгеру;

- жоғары оқу орындарында халықаралық және инклюзивті білім беру тәжірибелеріне қол жеткізу;

- инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасау үшін болашақ педагогтардың даярлық дағдыларын арттыру;

- халықаралық инклюзивті білім беру тәжірибелеріне қол жеткізу;

- жоғары оқу орындарында ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың білім сапасын жақсартуға көмектесетін тәжірибелерді меңгертуге бағытталды.

Осындай теориядан тәжірибеге өтуге көмектесетін халықаралық деңгейдегі «Инклюзивті білім беру моделін әзірлеу және оқыту», «Функционалдық мінез-құлықты талдау» - АВА, «Аутизмді ерте диагностикалау - ADOS-2» білім жетілдіру курстарынан өту жоғары білім беру саласындағы жаңа табысты қадамдар деп айтуға болады.

Олай болса, болашақ арнайы педагогтарды даярлау, қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторларының бірі ретінде танылатын әлеуметтік интеграция мен инклюзияның жаһандық тенденцияларымен байланысты деп айтуға болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазіргі заманғы инклюзивті білім беру жоғары оқу орындарында жүзеге асыруға ықпал ететін жаңартуларға бағытталған айтарлықтай өзгерістерді бастан кешуде. Өзгерістерге ұшырайтын маңызды аспект - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайтын мамандарды даярлау. Зерттеуші ғалымдар В.К.Агарагимова, Е.Э.Магомедова, З.Г.Джамалудинова бұл аспект білім беру ұйымына инклюзияны енгізуде аса маңызды екенін атап көрсетеді [4].

И.М.Яковлева, С.В.Яковлев зерттеулерінде арнайы педагогты даярлау ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды қолдаумен және оларға сапалы білім берумен тікелей байланысты екендігі қарастырылған. Бұл педагогтарды даярлау бағдарламаларын үнемі жаңартуды және жетілдіруді, инновациялық әдістер мен технологияларды енгізуді, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды талап етеді [5].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тиімді жұмыс жасай алатын кәсіби құзыретті мамандарды қалыптастыру арнайы педагогты даярлаудың негізгі мақсаты болып табылады. Ол бірнеше негізгі аспектілерді қамтиды:

- теориялық дайындық, яғни арнайы және инклюзивті білім беруге қатысты нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу, арнайы педагогика, психология, педагогика және түзету жұмыстарының негіздеріне оқыту;

- арнайы білім беру мекемелерінде тәжірибелік сабақтар мен тағылымдамалар өткізу, түзету-дамыту сабақтарын жүргізу тәжірибесін әзірлеу, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды қолдану практикасына даярлау.

- түрлі бұзылушылықтары бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын құру, оқу материалы мен оқыту әдістерін әр баланың қажеттіліктеріне бейімдеу сияқты бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен олардың отбасыларына психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету, сыныпта жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру;

- зерттеу қызметі, яғни түзету жұмыстарының әдістерін зерттеуге және жақсартуға, арнайы білім беруде инновациялық тәсілдер мен технологияларды әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулерге қатысу [6], [7].

Осылайша, арнайы педагогты даярлаудың мақсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тиімді жұмыс жасай алатын және олардың жан-жақты дамуына, қоғамға сәтті интеграциялануына ықпал ететін жан-жақты дамыған, құзыретті және кәсіби дайындалған маманды қалыптастыру.

Қазіргі уақытта заманауи білім беру жүйесі өзгерістерге бейімделе алатын және оқытудың инновациялық әдістерін енгізе алатын педагогтарды қажет етеді. Арнайы білім ұйымдары педагог кадрларды қалыптастыру - бұл бірегей құзыреттілікке ие және қазіргі білім беру ортасында жұмыс жасауға дайын мамандарды даярлауға бағытталған кешенді процесс. Бұл міндеттің маңыздылығы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру және инклюзивті оқу ортасын қалыптастыру қажеттілігімен байланысты. Тиісінше жаңа тұрпатты арнайы педагогтар келесі қасиеттерге ие болуы керек:

- арнайы білім беру және инклюзия саласындағы терең білімі болуы;
- білім беру процесінде заманауи технологияларды енгізу мүмкіндіктерін игеруі;
- эмоционалды интеллект пен эмпатияның қалыптасқан жоғары деңгейін көрсетуі;
- пәнаралық ынтымақтастық және коммуникациялық қабілеті болуы;
- кейс-әдіс, нақты жағдайларды талдау және зерттелген теориялық білім негізінде шешімдер әзірлей білуі;

- жобалық оқыту, арнайы білім беру саласындағы нақты мәселелерді шешуге бағытталған білім беру жобаларын әзірлеуі және жүзеге асыруы;

- қашықтықтан оқыту технологиялары, педагогтердің біліктілігін арттыру үшін онлайн-курстар, вебинарлар және басқа да қашықтықтан оқыту нысандарын пайдалана алуы;

- оқытудың интерактивті әдістері, білім беру процесіне интерактивті тапсырмаларды, оқытудың белсенділігі мен тиімділігін арттыру үшін белсенді оқыту әдістерін енгізе алуы.

Сондай-ақ, дайындық процесінде үнемі кәсіби сүйемелдеу, тәжірибелі педагогтар жас мамандарға қолдау көрсететін тәлімгерлік жүйесін құру, білім алмасу және кәсіби дағдыларды жетілдіру үшін әдістемелік қауымдастықтар өткізу, тұрақты өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық үшін кәсіби қауымдастықтар желісін ұйымдастыру да арнайы педагог мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады [8].

Осы негізде жаңа типтегі арнайы педагог кадрларын даярлау және қалыптастыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін білім беру сапасын жақсартуға бағытталған стратегиялық маңызды міндет деп айтуға болады.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Еліміздегі білім беру саясаты - барлығына сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті білім беруді дамыту бағытын көздейді. Атап айтқанда, денсаулық жағдайы, мінез-құлықтық және эмоциялық бұзылыстар, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени т.б. себептерге байланысты білім беруде ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға назар аударылады.

Осы тұрғыдан қарастырғанда, білім беру ұйымдарына инклюзивті бағдарлы кадр даярлау мәселелері бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайтын педагог кадрларды даярлау еліміздің әрбір өңіріндегі жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындарында арнайы педагог мамандарын даярлаумен қатар, педагогикалық ғылымдар бағытындағы білім беру бағдарламалары мазмұнына инклюзивтік оқыту модулі енгізілген.

Осы саланы зерттеуші ғалымдар З.А.Мовкебаева, Ғ.Ә.Абаева, Г.С.Оразаева Америка Құрама Штаты (Мичиган), Финляндия елдерінде арнайы педагогтарды даярлау мәселелерін зерделей отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту жүйесіне жан-жақты талдау жасағанын атап көрсетуге болады [9].

Сонымен қатар, отандық арнайы білім беру саласына маман кадрлар даярлау бағытында зерттеулер жүргізілген К.Ж.Туребаева, Д.Ж.Рамазанова, Б.А.Дүйсенбаева, Л.Н.Лиходедова, Г.К.Алшынбекова, А.Б.Кабдырова, Д.С.Хамитова, У.Ж.Кудайбергенова, А.Е.Ахметова, Н.В. Сюй-фу-шун, А.Ы.Ермагамбет, М.З.Увалиевалардың ауқымды монографиялық зерттеулері мәселенің өзектілігін айқындай түседі [10].

Болашақ арнайы педагогтарды инклюзивті бағдарлы даярлаудың кейбір аспектілерін анықтау және оларды жетілдіру мақсатында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 6В01902-Арнайы педагогика білім беру бағдарламасы 4 курс бойынша білім алушылармен сауалнама өткізілді. Сауалнамаға қатысушылар саны - 23. Сауалнама білім беру үдерісі бойынша төмендегі сұрақтарды қамтыды:

1. Арнайы педагогика білім беру бағдарламасын өз қалауыңызбен таңдадыңыз ба?
2. Болашақ инклюзивті білім беру мамандарын даярлау қажеттілігі бар ма?
3. Оқыту үдерісінде заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялар і қолданылады ма?
4. Білім алушылардың дайындық деңгейі заманауи талаптарға сай келе ме?
5. Кәсіби салаға бейімделуде қиындықтар бар ма?
6. Оқу пәндері бағдарламаларының модульдерін жаңарту тиімді ме?
7. Білім беру бағдарламасы инклюзивті оқытудың заманауи талаптарына мазмұны жағынан қаншалықты сәйкес келе ме?
8. Білім сапасын жақсарту үшін студенттер пікірлерін анықтау қажеттілігі бар ма?

Кесте 1 - Сауалнама нәтижелері

№	Сауалнама сұрақтары	«Иә» жауабы		«Жоқ» жауабы	
		Саны	Сапа	Саны	Сапа
1	Арнайы педагогика білім беру бағдарламасын өз қалауыңызбен таңдадыңыз ба?	18	78%	5	22%
2	Болашақ инклюзивті білім беру мамандарын даярлау қажеттілігі бар ма?	23	100%	0	0%
3	Оқыту үдерісінде заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялар қолданылады ма?	20	87%	3	13%
4	Білім алушылардың дайындық деңгейі заманауи талаптарға сай келе ме?	21	91%	2	9%
5	Кәсіби салаға бейімделуде қиындықтар бар ма?	2	9%	21	91%
6	Оқу пәндері бағдарламаларының модульдерін жаңарту тиімді ме?	20	87%	3	13%

7	Білім беру бағдарламасы инклюзивті оқытудың заманауи талаптарына мазмұны жағынан қаншалықты сәйкес келе ме?	22	96%	1	4%
8	Білім сапасын жақсарту үшін студенттер пікірлерін анықтау қажеттілігі бар ма?	23	100%	0	0%
Ескерту: авторлармен құрастырылған					

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында «Арнайы педагогика білім беру бағдарламасын өз қалауыңызбен таңдадыңыз ба?» сұрағына респонденттердің 78% өз қалауларымен таңдағанын көрсетсе, 22% «жоқ» жауабын береді; «Болашақ инклюзивті білім беру мамандарын даярлау қажеттілігі бар ма?» сұрағына респонденттер 100% «ия» жауабын береді; «Оқыту үдерісінде заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялар қолданылады ма?» сұрағына 87% «ия», 13% «жоқ» деген жауап берілген; «Білім алушылардың дайындық деңгейі заманауи талаптарға сай келе ме?» сұрағына 91% «ия», 9% «жоқ» деген жауап берілген; «Кәсіби салаға бейімделуде қиындықтар бар ма?» сұрағына 9% «ия», 91% «жоқ» деген жауап берілген; «Оқу пәндері бағдарламаларының модульдерін жаңарту тиімді ме?» сұрағына 87% «ия», 13% «жоқ» деген жауап берілген; «Білім беру бағдарламасы инклюзивті оқытудың заманауи талаптарына мазмұны жағынан қаншалықты сәйкес келе ме?» сұрағына 96% «ия», 4% «жоқ» деген жауап берілген; «Білім сапасын жақсарту үшін студенттер пікірлерін анықтау қажеттілігі бар ма?» сұрағына 100% «ия» деген жауап берілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей негізгі мәселелер ұсынылған:

- практикалық сабақтарды арнайы білім беру ұйымдары базаларында өткізуді одан әрі жетілдіру;
- оқытудың жаңа технологиялары мен инновациялық әдістеріне арнайы білім ұйымдарында қолдануға бағытталған модульдерді кеңінен ендіру;
- оқу орындары пен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықты күшейту.

Қорытынды

Жаңғырту контекстінде жаңа үлгідегі кадрларды даярлау білім беру процесіне жүйелі көзқарасты және қазіргі заманғы міндеттерді ойдағыдай шеше алатын мамандарды даярлауды талап етеді. Арнайы педагогты даярлау мақсаттарын жаңғырту білім беру бағдарламаларын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қазіргі заманғы сынтетеуіріндері мен қажеттіліктеріне бейімдеуге бағытталған бірқатар шаралар мен ұсынымдарды қамтиды. Бұл бағытта төмендегідей қорытынды ұсыныстар беруге болады:

1. Білім беру бағдарламаларын жаңарту, еңбек нарығының, қоғамдық қажеттіліктердің заманауи қажеттіліктерін ескеретін ағымдағы білім беру бағдарламаларына талдау жүргізу және саланың қазіргі тенденциялары мен дамуын көрсету үшін білім беру бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізу.

2. Инклюзивті білім беруге бағдарлану, инклюзивті білім беру қағидаларын ескере отырып, арнайы педагогтарды даярлау мақсаттарын қайта қарау, барлық балаларды жалпы білім беру ортасында табысты оқыту үшін жағдай жасауға басты назар аудару.

3. Сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас, шығармашылық, уақытты басқару, командалық дағдыларды үйрету, мәселелерді шешу, шешім қабылдау және тұлғааралық қатынастар сияқты қазіргі әлемде табысты жұмыс істеу үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді дамыту.

4. Заманауи технологияларды пайдалану, яғни оқытудың қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру үшін білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді түрде енгізу, білім алушыларды заманауи білім беру

платформаларын, онлайн-ресурстар мен өз бетінше оқыту құралдарын пайдалануға үйрету.

5. Тәжірибеге бағдарланған оқыту, өйткені нақты жұмыс жағдайында білім алушылардың практикалық қызметі мен тағылымдамаларын ынталандыру, білім алушылардың нақты міндеттерді шешу және білімді практикада қолдану дағдыларын дамыту қажет.

6. Оқушылардың әртүрлілігін ескеретін және инклюзивті оқытуға ықпал ететін білім беру ортасын қолдау, сондай-ақ олардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне қарамастан барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктерге кепілдік беру.

7. Эмпатия, икемділік, топтық жұмыс қабілеті және көшбасшылық дағдылар сияқты білім алушылардың жұмсақ дағдыларын дамытуға басты назар аудару.

8. Білім алушылардың даярлығын үнемі жаңартып отыру және кәсіби өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз ете отырып, өмір бойы оқыту тұжырымдамасын қолдау.

9. Білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімдеу үшін кәсіпорындармен, ұйымдармен және қоғамдық институттармен серіктестікті дамыту, тәжірибе алмасу және университет пен сыртқы орта арасындағы өзара іс-қимыл үшін аса қажетті іс-шараларды ұйымдастыру.

10. Білім беру процесін үнемі жақсарту және оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келу үшін оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін енгізу.

Қорытынды ұсыныстар қазіргі заманғы білім беру мекемелеріне ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды тиімді және сапалы оқытуды қамтамасыз ете отырып, қоғамдағы табысты мансапқа дайын арнайы педагогтарды даярлауды бейімдеуге оң ықпалын тигізеді.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR1857416 «Арнайы педагогтарды инклюзивті-бағдарламалық даярлау» тақырыбы бойынша орындалатын мақсатты бағдарламалық қаржыландыру шеңберінде дайындалған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы от 27 июля 2007 года № 319-III. [Электрондық ресурс] - URL:<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319> (қаралу уақыты: 09.09.2024)

2 О правах ребенка в Республике Казахстан Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года N 345 https://special-edu.kz/EDU_LFSI/LegislativeBasicsKZ/ru/BD.pdf (дата обращения 08.08.2002).

3 О мерах по реализации Закона Республики Казахстан от 26 июня 2021 года "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования" Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 17 ноября 2021 года № 184-р https://special-edu.kz/EDU_LFSI/LegislativeBasicsKZ/ru/%B3%D0%B0.pdf (дата обращения 17.11.2021).

4 Агарагимова В.К., Магомедова Е.Э., Джамалудинова З.Г. Теоретико-методологические основы подготовки студентов к работе с детьми в условиях инклюзивного образования. Проблемы современного педагогического образования. – 2022. – №. 74-3. – С. 8-10.

5 Яковлева И.М., Яковлев С.В. Подготовка педагогических кадров к инклюзивному образованию школьников с ограниченными возможностями здоровья. Специальное образование. 2021. №2 (62). С. 170-181.

6 Хабарова, С.П. Формирование профессиональных компетенций у будущих учителей-логопедов на основе практико-ориентированного обучения / Хабарова С.П., Харитоновна Е.А. – Ученые записки факультета специального образования: сб. научных статей. – Минск: БГПУ, 2016. – С. 133–140.

7 Яковлева И.М. Вариативность подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию //ББК 88.48 И 65. – 2021. – 371 с.

8 Лыжин А.И., Феоктистов А.В. Профессионально-педагогические кадры: новые технологии подготовки. Инновационная научная современная академическая исследовательская траектория. – 2021. – №. 2 (5). – С. 19-29.

9 Зарубежный опыт подготовки специалистов для работы с детьми с ограниченными возможностями. Монография. - Алматы. - 320 с.

10 Подготовка специальных педагогов в Казахстане. Монография. - Алматы. - 359 с.

ТЕНДЕНЦИИ И ПРАКТИКИ В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются основные вопросы подготовки специальных педагогов и специалистов инклюзивного образования, обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями. Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями - одна из актуальных проблем в целом в области педагогической науки. Методы, использованные в статье, включают анализ официальных и законодательных данных, а также опрос обучающихся по образовательной программе «Специальная педагогика» Актобинского регионального университета им.К. Жубанова. Анкета направлена на выявление и совершенствование некоторых вопросов подготовки специалистов-кадров по образовательной программе. Анализ показал, что основные проблемы связаны с соответствием практической подготовки студентов современным требованиям, обновлением учебных материалов, новых технологий и методик обучения, а также спросом на специальных педагогических специалистов на рынке труда. Результаты исследования имеют важное значение для развития инклюзивного образования и могут быть использованы для формирования стратегий специальных педагогов в области образования. Рекомендации способствуют созданию эффективной образовательной среды, что, в свою очередь, способствует повышению качества обучения детей с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: инклюзивное образование, специальная педагогика, особые образовательные потребности, подготовка специалистов, специальное образование.

TRENDS AND PRACTICES IN THE TRAINING OF SPECIAL EDUCATORS FOR INCLUSIVE EDUCATION

Abstract

This article examines key issues in the training of special educators and specialists within the field of inclusive education. The education and support of children with special educational needs represent a pressing concern in pedagogical science. The research methods employed in this study include analysis of official and legislative documents, as well as a survey of students enrolled in the "Special Pedagogy" educational program at K. Zhubanov Aktobe Regional University. The questionnaire aims to identify and address specific aspects of specialist training within the educational program. The analysis revealed that the main challenges relate to aligning students' practical training with modern requirements, updating educational materials, incorporating new technologies and teaching methods, and addressing the demand for special education specialists in the labor market. The results of the study are important for the development of inclusive education and can be used to form strategies for training special educators. The recommendations contribute to the creation of an effective educational environment, which in turn enhances the quality of education for children with special educational needs.

Key words: inclusive education, special pedagogy, special educational needs, training of specialists, special education.

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynyñ «Bılım» turaly Zańy ot 27 iulä 2007 goda № 319-III [Law of the Republic of Kazakhstan "on Education" dated July 27, 2007 No. 319-II] Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319> [in Kazakh]. (accessed: 09.09.2024)

2 O pravah rebenka v Respublike Kazahstan Zakon Respubliki Kazahstan ot 8 avgusta 2002 goda N 345 [On the rights of the child in the Republic of Kazakhstan, the Law of the Republic of Kazakhstan dated August 8, 2002 No. 345] https://special-edu.kz/EDU_LFSI/LegislativeBasicsKZ/ru/BD.pdf [in Russian] (accessed: 08.08.2002).

3 O merah po realizatsii Zakona Respubliki Kazahstan ot 26 iunä 2021 goda "O vnesenii izmeneni i dopolneni v nekotorye zakonodatelnye akty Respubliki Kazahstan po voprosam inklüzivnogo obrazovania" ["On amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on inclusive education"] Rasporäjenie Premer-

Ministra Respubliki Kazahstan ot 17 noiabrä 2021 goda № 184-r https://special-edu.kz/EDU_LFSI/LegislativeBasicsKZ/ru/%B3%D0%B0.pdf [in Russian] (accessed:17.11.2021)

4 Agaragimova V.K., Magomedova E.E., Jamaludinova Z.G. Teoretiko-metodologicheskie osnovy podgotovki studentov k rabote s detmi v usloviakh inklüzivnogo obrazovania [*Theoretical and methodological foundations of preparing students to work with children in inclusive education*]. Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovania. 2022. №. 74-3. P. 8-10. [in Russian]

5 İakovleva İ.M., İakovlev S.V. Podgotovka pedagogicheskikh kadrov k inklüzivnomu obrazovaniu škölnikov s ogranichennymi vozmojnostämi zdorövä [*Training of teaching staff for inclusive education of schoolchildren with disabilities. Spesiälnoe obrazovanie*]. 2021. №2 (62). P. 170-181. [in Russian]

6 Habarova, S.P. Formirovanie profesionälnyh kompetensi u buduřih uchitelei-logopedov na osnove praktiko-orientirovannogo obuchenia [*Formation of professional competencies among future speech therapy teachers based on practice-oriented training*] / Habarova S.P., Haritonova E.A. Uchenye zapiski fakülteta spesiälnoogo obrazovania: sb. nauchnyh statei. Minsk: BGPU, 2016. P. 133–140. [in Russian]

7 İakovleva İ.M. Variativnost podgotovki pedagogicheskikh kadrov k inklüzivnomu obrazovaniu [*The variability of teacher training for inclusive education*] //BBK 88.48 İ 65. 2021. 371 p. [in Russian]

8 Lyjin A.İ., Feoktistov A.V. Profesionälno-pedagogicheskie kadry: novye tehnologii podgotovki [*Professional and pedagogical staff: new training technologies*]. İnnovacionnaia nauchnaia sovremennaia akademicheskaja issledovatel'skaja traektorija. 2021. №2 (5). P. 19-29. [in Russian]

9 Zarubejnij opyt podgotovki specialistov dlä raboty s detmi s ogranichennymi vozmojnostämi [*Foreign experience in training specialists to work with children with disabilities*]. Monografija. Almaty. 320 p.

10 Podgotovka spesiälnyh pedagogov v Kazahstane [*Training of special educators in Kazakhstan*]. Monografija. Almaty. 359 p. [in Russian]

Information about authors:

Klara Turebayeva – **corresponding author**, professor, doctor of pedagogical sciences, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan, Department of “Psychology and Special Pedagogy”

E-mail: kturebayeva@zhubanov.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0204-3501>

Dinara Ramazanova – Doctor of Philosophy (Ph.D), Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan, Department of “Pedagogy and Management in Education”

E-mail: ramazanova_dinar@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1819-7492>

Gulsum Kussametova – candidate of pedagogical sciences, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan, Department of “Psychology and Special Pedagogy”

E-mail: gkussametova@zhubanov.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7758-0566>

Aigul Rystygulova – Master's degree in Pedagogy and Psychology, Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Department of “Psychology and Special Pedagogy”

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-4610-9036>

E-mail: arystygulova@zhubanov.edu.kz

Информация об авторах:

Клара Туребаева – **основной автор**, доктор педагогических наук, профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, кафедра «Психологии и специальной педагогики»

E-mail: kturebayeva@zhubanov.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0204-3501>

Динара Рамазанова – PhD, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, кафедра «Общей педагогики и менеджмента в образовании»

E-mail: ramazanova_dinar@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1819-7492>

Гульсум Кусаметова – кандидат педагогических наук, доцент, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, кафедра «Психологии и специальной педагогики»

E-mail: gkussametova@zhubanov.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7758-0566>

Айгуль Рыстыгулова – магистр педагогики и психологии, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, кафедра «Психологии и специальной педагогики»

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-4610-9036>

E-mail: arystygulova@zhubanov.edu.kz

Авторлар туралы ақпарат:

Клара Туребаева – **негізгі автор**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Психология және арнайы педагогика» кафедрасы

E-mail: kturebayeva@zhubanov.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0204-3501>

Динара Рамазанова – PhD, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент» кафедрасы

E-mail: ramazanova_dinar@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1819-7492>

Гульсум Кусаметова – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Психология және арнайы педагогика» кафедрасы

E-mail: gkussametova@zhubanov.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7758-0566>

Айгуль Рыстыгулова – педагогика және психология магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Психология және арнайы педагогика» кафедрасы

E-mail: arystygulova@zhubanov.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-4610-9036>